

Аудандық мәслихаттың 2020 жылғы 6 қаңтардағы № 275 "2020-2022 жылдарға арналған Тәуіп ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Мерзімі біткен

Ақтөбе облысы Үрғыз аудандық мәслихатының 2020 жылғы 3 шілдедегі № 317 шешімі . Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 10 шілдеде № 7301 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет Кодексінің 9-1, 109-1 баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына сәйкес, Үрғыз аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Аудандық мәслихаттың 2020 жылғы 6 қаңтардағы № 275 "2020-2022 жылдарға арналған Тәуіп ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 6732 тіркелген, 2020 жылғы 22 қаңтардағы Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне электрондық түрде жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақта:

1) тармақшасында:

кірістер "63 499" сандары "60 964" сандарымен ауыстырылсын,
оның ішінде:

трансферттер түсімі "62 093" сандары "59 558" сандарымен ауыстырылсын;

2-тармақшасында:

шығындар "63 499" сандары "60 964" сандарымен ауыстырылсын;

3-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"3. 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап:

1) жалақының ең төменгі мөлшері - 42 500 теңге;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу үшін, сондай-ақ айыппұл санкцияларын, салықтар мен басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш – 2 651 теңге;

3) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерін есептеу үшін ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасы – 31 183 теңге.

2020 жылғы 1 сәуірден бастап:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу үшін, сондай-ақ айыппұл санкцияларын, салықтар және басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш – 2 778 теңге;

2) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерін есептеу үшін ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасы – 32 668 теңге көлемінде белгіленгені ескерілсін және басшылыққа алынсын.";

5-тармақта:

екінші абзацта

"6 008" сандары "3 473" сандарымен ауыстырылсын.

2. Көрсетілген шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. "Бірғыз аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Бірғыз аудандық
мәслихатының сессия төрағасы*

*Бірғыз аудандық
мәслихатының хатшысы*

Қ. Тілеуғабылов

К. Қосаяқов

Бірғыз аудандық мәслихатының 2020 жылғы 3 шілдедегі № 317 шешіміне қосымша

Бірғыз аудандық мәслихатының 2020 жылғы 6 қаңтардағы № 275 шешіміне 1 қосымша

2020 жылға арналған Тәуіп ауылдық округ бюджеті

Санаты	Сыныбы			Сомасы (мың теңге)
		Ішкі сыныбы		
			Атауы	
1	2	3	4	5
			I. Кірістер	60 964
1			Салықтық түсімдер	1 396
	01		Табыс салығы	240
		2	Жеке табыс салығы	240
	04		Меншікке салынатын салықтар	1 156
		1	Мүлікке салынатын салықтар	8
		3	Жер салығы	28
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	1120
2			Салықтық емес түсімдер	10

	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	10
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	10
4			Трансферттердің түсімдері	59 558
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	59 558
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	59 558

Функционалдық топ						
1	Кіші функция					Сомасы (мың теңге)
	2	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі				
		3	Бағдарлама			
			4	Атауы		
5	6	7	8	9	10	
				II Шығындар	60 964	
01				Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	20 170	
	1			Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	20 170	
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	20 170	
			001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін	19 415	

				қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	
			022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	755
04				Білім беру	36 720
	1			Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	36 720
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	36 720
			041	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыру	36 720
07				Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	4 074
	3			Елді мекендерді көркейту	4 074
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	4 074
			008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	1115
			009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	304
			011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	2 655

				III. Таза бюджеттік кредиттеу	0
				Бюджеттік кредиттер	0
				IV. Қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо	0
				Қаржы активтерін сатып алу	0
				V. Бюджет тапшылығы (профициті)	(0
				VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	(0